


Жаңа Жолдаумен – жаңа қадамға



Ел басшысының мемлекет ішінде халыққа Жолдаулары – бұл әлемдік көлемде болып тұратын құбылыс. Бұл бір жағынан өткен жылдың есебі, қоғам өмірінің қате кеткен жерлеріне көз жүгірте отырып, орындалмаған тапсырмалардың себебін айқындаса, екінші жағынан алдағы жылға жоспар ретінде қабылдауға болады.



Президент Қ.К.Тоқаевтың биылғы «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауы да біздің саламыздың көкейтесті мәселелерін қозғап отырған жайы бар. Оның ішінде, әрине білім және осының арқасында алып баратын ғылым саласы. Қандай жағдайда болмасын білімге студент жастардың талпынысын тоқтатпай, оны одан әрі жалғастыру және жағдай жасау әрдайым мемлекеттің басты назарында болатынын көріп жүрміз. Оны Президенттің карантин жағдайындағы жастардың білім алуына арналған «Бірыңғай білім беру платформасын» құру туралы шешімі қашықтан оқып жүрген студенттер мен оқушылардың көңілінен шығады деуге болады.

Еліміздің жан-жақты дамуы алдымен экономикалық көрсеткіштермен өлшенеді дейтін болсақ, оның түбінде жаңа

өндіріске негізделген ғылыми жаңалықтар жатқындығы айдан анық. Сондықтан «Жас ғалым» жобасы аясында студент жастарды ғылымға тарту мақсатында ғылыми зерттеулер үшін 1 мың гранттың бөлінуі бұл саланың жаңа серпінмен дамуына кең жол ашады деп ойлаймын.

Сондықтан осы екі мәселенің шешілуі Қазақстан – Ұлы Дала Елі талантты, дарынды, білікті де білімді, салмақты, өзіндік «Мені» қалыптасқан, тәрбиелі, адами қасиеттің барлығын бойына жинақтаған тамаша адамдары арқылы әлемнің алдыңғы қатарлы елдерінің біріне айналуына жол ашар еді.

С.ҚУАНЫШБАЕВ,
Ы. Алтынсарин атындағы
Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының
ректоры, география
ғылымдарының докторы.